

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ
ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРДІң,
МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР
БАСШЫЛАРЫНЫң, ОБЛЫСТАР
МЕН АСТАНА, АЛМАТЫ,
ШЫМКЕНТ ҚАЛАЛАРЫ
ӘКІМДЕРІНІң ҚАТЫСУЫМЕН
КЕҢЕС ӨТКІЗІДІ.



Ақмешіт

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП БАР ЖЕРДЕ ТҰРАҚТЫЛЫҚ БОЛАДЫ

Жылында ел өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты өзекті мәселелер қарастырылды. Қазақстан халқына Жолдауында айтылған міндеттердің іске асырылуына және Президенттің бұған дейін берген тапсырмаларының орындалуына ерекше назар аударылды. Президент елімізде жан-жақты саяси жаңғырту процесі жүріп жатқанын атап өтті.

— Оның бағыт-бағдарын бытыр наурыз айындағы Жолдауда айқындап алдық. Еліміз дамудың жаңа кезеңіне кадам басты. Бір жылдың ішінде ауқымды реформаларды жүзеге асырдық. Билік жүйесін жаңа талапқа сай жаңғырту үшін бірнеше саяси науқан өткіздік. Маңызды мәселелерді талқылау үшін Ұлттық құрылтайды құрдық. Мемлекеттіміздің тұғырын және ел бірлігін нығайтатын жаңа идеологиялық тұжырымдар ұсындық. Наурыз мейрамын жаңаша атап өте бастадық. Республика күнін қайта жаңғырту тарихи кадам болды, — деді Мемлекет басшысы.



— Біздің болашағымыз — айқын, нақты жоспарымыз бар. Мәжіліс және мәслихаттар сайлауы — билік институттарын жаңарту жұмысының қорытынды кезеңі. Осылайша, билік жаң-жақты реформаларды жалғастыру үшін жаңа сенім мандатына ие болады. Елімізді дамыту жолында тың бастамалар көтеріп, оны табысты жүзеге асыру — басты міндет. Қазір жетістікке мән болып отыратын заман емес. Жұмысты тың қарқынмен жалғастыру керек, — деді Президент.

Мемлекет басшысы қоғамдық тұрақтылықты сақтау мәселесіне баса мән беру керек екенін айтты.

№20 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ЕРКЕБАЕВ БАУЫРЖАН ЕРКЕБАЙҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

ӨМІРДЕРЕК

Еркебаев Бауыржан Еркебайұлы 1984 жылы 16 маусымда Теренөзек ауданында (қазіргі Сырдария ауданы) дүниеге келген. 2001 жылы аудандағы И.Токтыбаев атындағы №35 қазақ орта мектебін бітіргеннен кейін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Экономика және менеджмент» факультетін қаржы және несиені мамандығы бойынша тәмамдады. 2014 жылы аталған жоғары оқу орнынан «құқықтану» мамандығы бойынша білім алды.

Алғашқы еңбек жолын 2002 жылы қаладағы «Монтажспецстрой» ЖШС-де қарапайым жұмысшыдан бастап, 2007 жылға дейін слесарь-монтаждаушы, сапа-бақылау инженері болып еңбек етті.

2007-2008 жылдар аралығында МКО «Астана-Финанс» филиал директоры қызметін атқарған.

2009 жылдан бастап «BAUER group» ЖШС директоры, «BAUER group» және «Дента-Люкс» ЖШС-нің құрылтайшысы.

Еркебаев Бауыржан Еркебайұлы қоғамда өз орны бар білім, денсаулық, құрылыс саласында өзінің қолтаңбасы бар кәсіпкер, меценат. Әсіресе білім саласында бұлдіршілдердің сапалы білім, саналы тәрбие алуы жолында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында қаламызда «Сыр перзенті», «Ел перзенті» балабақшалары жобасын өз қаражатымен жүзеге асырды. СПМК-70, Астана шағын аудандары балаларын мектептен қамтамасыз ету мақсатында өз үлесін қосуда.

Өр жылдары аймақ басшысының, қала әкімінің Құрмет грамотасымен, Алғыс хаттарымен марапатталған.

Отбасылы, 6 бала тәрбиелеуде.

«AMANAT» партиясының мүшесі.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті жерлестер!

Өткен жыл басты өзгерістерге толы жаңашылыққа сеніп тұрып, қана реформалар мен билікті қайта құруға бағытталған бастама

жылы болды. Мемлекет басшысы «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен Жаңғыру жолы» атты халыққа жолдауында алдағы орындалуы тиіс тапсырмаларды айқындап берді. Бұл – қоғамның қажеттілігі мен сұранысына негізделген еліміздің саяси жүйесін кеңейтіп жаңғыртуға бағытталған бағдарлама.

Осы орайда мен Еркебаев Бауыржан Еркебайұлы алдағы өтетін сайлауда қалалық мәслихат депутаттығына «AMANAT» партиясынан ұсынылдым.

Мен киелі Сыр елінің азаматымын. Туған жердің топырағына аунап өскен ауылдың қарапайым баласымын. 15 жылдан аса уақыт Қызылорда қаласында кәсіпкерлік саласында еңбек етіп келемін. Маған өскен өңірдің даму жолы, өткен тарихы мен бүгінгі тыныс-тіршілігі, түйткілді мәселесі, халықтың мұн-мұқтажы жақсы таныс.

Өңірдің өзекті мәселесін шешуде, тұрғындардың базынасын тиісті орындарға жеткізуде депутаттардың үлесі зор. Депутат – халық үшін жеткізуді, сенім мен аманат арқалаушы.

Еліміздегі белсенді саяси ұйым саналатын «AMANAT» партиясының қоғамдағы қордаланған мәселені шешуде ықпалы зор екені белгілі. «AMANAT» партиясының басты міндеті – Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: баріміз және әрқайсысымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасының басым бағыттарын және партиялық жобаларды іске асыру.

«AMANAT» партиясы өңірдің қоғамдық-саяси ахуалының тұрақтылығын қамтамасыз етіп, қаламызды экономикалық қарқын алған, бәсекеге қабілетті, тұрғындарға жайлы өңірге айналдыруды мақсат етіп отыр.

Еліміз өркендетке бет алып, дамудың даңғыл жолына түскен тұста партияның саяси міндетін негізге ала отырып қаламыздың өсіп-өркендеуі, тұрғындардың жайлы өмір сүруі үшін қолдан келер істі жасауға ниеттімін. Халықтың сеніміне селжуе түсірмей үдесінен шығудың зор жауапкершілік екенін де білемін.

Мен сайлаушылардың сеніміне ие болып, қалалық мәслихат депутаттығына сайланған жағдайда мынадай мәселелердің оң шешім табуына ықпал етемін.

«AMANAT» партиясы өзінің сайлауалды бағдарламасында қаланы дамытудың басым бағытын айқындады.

1. Өңірдің инфрақұрылымын жақсарту мақсатында:

1.1 СПМК-70 шағын ауданының шет аумағында жол, қоғамдық көлік мәселесі әлі де өзекті болып отыр. Осы орайда шет аумаққа жол салу, қоғамдық көліктердің қатынауын үйлестіруге;

1.2 №20 сайлау округіне бұдан өзге «Сабалақ», «Орбита», «Эдельвейс» саяжайы да қарайды. Өздеріңізге белгілі бұл саяжайларда қордаланған мәселе көп. Мұндағы тұрғындарды ауыз су, жол, жарықтандыру, қоғамдық көлік жайы толғандырды.

1.3 «Сабалақ» саяжайындағы жолдарды

асфальтқауға, электр жарығын жүргізу, көшелерді жарықтандыруға;

1.4 «Эдельвейс» саяжайына ауыз су тартуға, жол салуға, электр жарығын жүргізуге, газдандыру мәселесін шешуге;

1.5 «Орбита» саяжайында да ауыз су, жол салу, электр жарығы, газдандыру мәселесінің оң шешім табуына;

2. Білім, денсаулық сақтау, спорт және мәдениетке қолжетімділікті арттыру

2.1 Бүгінде СПМК-70 шағын ауданында тұрғын үйлердің көбеюі, халық санының артуына байланысты білім ошағына деген сұраныс артауда. Аталған шағын аудандың балалары қазір Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейіне қатынап оқиды. Соған сәйкес «СПМК-70» Астана шағын аудандарында арналған мектеп салу жоспарлануда. Осы жобаның аясында жүзеге асатын құрылыстың сапалы әрі уақытылы орындалуына;

2.2 Бұқаралық спортты дамыту мақсатында өзім сайланатын округке қарасты аумақтарда спорттық ойын алаңдарын салуға;

3. Экологиялық жағдайды жақсарту шеңберінде шараларды күшейту

Таза экология – қолайлы және қауіпсіз өмір сүрудің басты факторы. Біз қоршаған ортаға инвестициялар үшін қолайлы жағдайлар жасауға тырысамыз, оларды халықтың өмір сүруіне жақсарту мақсатында мұқият ретінде қарастырамыз. Сонымен қатар қала тұрғындары да қоғамда табиғатты құрметтеу мәдениетін қалыптастыруға үлес қосып, өндірісте және күнделікті өмірде таза экологиялық технологияларды енгізуді қолдауы керек. Бұл үшін «AMANAT» партиясы жыл сайын кемінде 4 мың тап егу міндетін қояды.

Сонымен қатар тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу мен қалған жеру үлесінің 44%-дан 48%-ға артуы жоспарланған.

Құрметті сайлаушылар!

«AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы халықтың әл-ауқатын арттыруға негізделген. Ал сайлауалды бағдарлама – бірінші кезекте орындалуы тиіс міндеттеме. Бұл міндеттеменің жүзеге асыуына жауапкершілікпен қарап, еліміздің, қаламыздың дамуына серлін беретін жобаларды жүзеге асырып, тұрғындарға қолайлы жағдай жасауға көңіл бөлеміз.

«AMANAT» партиясы еліміздің жетекші саяси күші ретінде халқымыздың бірлігін, еліміздің гүлденуіне және әрбір қазақстандықтың игілігіне жұмыс жасауды жалғастырады. Біз қаланың әрбір тұрғынының жайлы өмір сүруі, дамуы және өзін-өзі жүзеге асыруы үшін барлық мүмкіндіктерге ие болатын бақуатты қоғамды бірге құрамыз.

№20 сайлау учаскесіне қарасты сайлаушылар бұл таңдауға белсене атсалысу арқылы артылған сеніміңіз орындалуына өз үлесін қосады деп сенемін.

Сайлаушыларды «AMANAT» партиясына және партия атынан депутаттығына үміткер маған дауыс беруге шақырамын. Ел сенімін ақтауда бар күш-жігерімді аямай, еңбек етемін.

Нар тұрған! Әділетті, жана қоғамды бірге құрайық!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

№15 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ МҰСАБАЕВА АЙГҮЛ НӘЖМАДИНҚЫЗЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

ӨМІРДЕРЕК

Мен, Мусабаева Айгүл Нәжмадинқызы 1969 жылы 6 мамырда Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласында дүниеге келдім.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде 20 жыл кәсіпкерлік (1992-2012 жж.) кафедрасының доценті, кафедра меңгерушісі, факультет деканы, университет жанындағы колледж директорының орынбасары, университет жанындағы қазақ-түрік лицейінің директоры қызметін атқардым. 1995 жылы тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін, 1999 жылы БЖҒМ жанындағы ЖАК шешімімен доцент ғылыми атағын алдым.

2012 жылдан М.Шокай атындағы №187 қазақ орта мектебіннің директоры қызметін атқардым. Қазіргі уақытта Абылай хан атындағы №140 қазақ орта мектебінде мектеп директоры қызметіндемін.

Біліктілікті ұдайы арттыру – педагогтың кәсіби қызметіне сапалы жетілдіру көрсеткіші. Сол себепті Түркия Республикасы Эрзурум қаласындағы Ата Түрік университетінде, Америка Құрама Штаттарының Колумбия университетінде, «НЗМ» ДБҰ Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру курстарынан өттім.

Оқу-тәрбие үдерісіне қажетті ғылыми сүйемелдеу жұмыстары бойынша 2 монография, 3 авторлық бағдарлама, 20 әдістемелік құрал, 45 ғылыми мақала дайындадым.

Кәсіби қызметтегі жетістіктерім үшін ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың Алғыс хаты, ҚР Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасы, Қызылорда қаласы әкімінің, «AMANAT» партиясының Құрмет грамоталарымен марапатталдым.

Отбасылымын, 3 бала және 2 немерені тәрбиелеп отырмын.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

I. БІЛІМ БЕРУДІ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМДЫ ДАМУДЫ, БУҚАРАЛЫҚ СПОРТ

- Халықаралық зерттеу нәтижелері: кибер педагогика және қашықтан оқыту методологиясы, функционалдық сауаттылық, ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу, мониторинг, талдау және бағалау;
- Ғылыми бағдар беру шеберханасы: Ізденіс. Тәжірибе. Нәтиже;
- Педагогтар династиясын қолдау: жана модель;
- Артспорт, дене тәрбиесі: ашық алаңдар, заманауи спорт жабықтары.

II. ЖАСТАР МӘСЕЛЕСІНДЕГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

- Жастардың бизнес-бастамалары: жеңілдетілген неселер, StartUp жобалар;
- Жастар аллесиясы, жастар амфитеатры: жеңілдем жастар ортасы;
- Кәсіби бағдар: жана мамандықтар атласы.

III. ҰЛТТЫҚ ТӨРБЕ ЖӘНЕ ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

- Әлеуметтік қорғау: Жеке тұлға, Отбасы, Тәрбие, Мектеп;
- Отбасы институты: Отбасы мектебі – рухани және мәдени қолдау.

IV. ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ, АШЫҚ ҚАУІПСІЗ АЙМАҚ

- Халық үніне құлақ асатын мемлекет: Әділетті мемлекет, Әділетті қоғам, Әділетті экономика;
- Сыйбалас жемқорлыққа қарсы күрес: «Адал ұрпақ», «Парасат мектебі», «Адалдық алаңы» жобалары.

V. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР

- Экономикалық тұрақтылық: қолжетімді, тосқауылсыз бизнес;
- Мемлекеттік жекеменшік әріптестік: емхана, балабақша және мектептер;
- Білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасы: космобототехника, виртуалды зертханалар, цифрлы-лингфонды 3D кабинеттер;
- Сапалы жол, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым: жаяу жүргіншілер жолы, түнгі жарық шамдары, абааттанған аулалар.

Құрметті менің сайлаушыларым!!!

Әлеуметтік желілер аясында ұсыныс-пікірлеріңді қабылдаймын!

Айгүл Мусабаева
140mektep@mail.ru

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

№8 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ АМАНБАЕВ НҰРЛАН НҰРАСЫЛҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

ӨМІРДЕРЕК

Мен, Аманбаев Нұрлан Нұрасылұлы 1982 жылы 28 сәуірде Қызылорда қаласында дүниеге келдім. Ұлым – қазақ. Білімім – жоғары.

2004 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін инженер – системотехник мамандығы бойынша бітіріп шықты. Әрі қарай да білім алу үшін Болашақ университетіне құрылыс мамандығына оқуға тапсырып, 2018 жылы диплом алдым. 2022 жылдан бері «ҚазҚұрылысСервис» ЖШС директоры қызметін атқарып келемін. Отбасылымын, 4 ұл, 1 қыздың әкесімін.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті сайлаушылар!

19 наурызда өтетін ҚР Парламенті Мәжілісі мен мәслихат депутаттарының сайлауы бұрынғы саяси науқандардан өзгеше. Елдің бағы, ердің бабы сыналғаны осы дүбірлі көшке өзіміз ұсынатын отырмын. Ердің елеулісі, халықтың қалауымыз боп, депутат деген мәртебелі мандатқа қол жеткізем. Қызылорда қаласындағы мынадай өзекті мәселелердің оң шешімдерін табуға тікелей атқалысатын боламын:

Біріншіден, қала тұрғындарының экономикалық, әлеуметтік жағдайын жақсарту жұмыстарын қолға аламын. Осы бағытта тұрақты дамыту жоспарын құрып, кәсіпкерлікті қолдау бағытына басымдық беру қажет.

Жұмыссыздық пен әлеуметтік көңіл-күйді көтерудің басты шешімі – жана жұмыс орындары. Жана өнеркәсіп орындарын ашуға, олардың мемлекет тарапынан көмек алуына ықпал жасау да жоспарымда бар. Сонымен қатар шағын және орта бизнесіне жана жұмыс орындарын құрып, қала тұрғындары мен түрлі мамандықта жоғары білімі бар, жұмысы жоқ жастарды жұмыспен қамтамасыз етсек деймін. «Дипломмен ауылға» жобасына қарамастан, жұмыс таба алмайтын жастар көп. Еліміздің болашағы – жастардың қолында дестек, олардың мақсаттарына, қалауларына бейжай қарамаған жөн.

Құрылыс саласын дамытуға атсалысу мақсатында:

- Қала аумағында коптелерді тұрғын үйлердің құрылысын сапалы жүргізуге;
- Тоңығы жеткен білім ұяларын құрдып жөндеуден өткізуге;
- Қала көшелеріне қайта жаңғырту жұмыстарын жүзеге асыруға;
- Коптелерді тұрғын үйлердің ауласын абааттандыруға ықпал еткім келеді.

Аумақтағы тоңығы жеткен қонә үйлердің модернизациядан өтуіне, жөндеу жұмыстарының талапқа сай жүргізілуіне жағдай жасап, халықтың талап-тілегіне сай жұмыс істейміз.

Әлеуметтік осал топқа қолдау көрсету бағыты бойынша:

- Мүмкіндігі шектеулі балалар мен мектеп оқушыларының сапалы білім алуына жағдай жасауды;
- Әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасы мүшелерін тұрмыстық қажеттіліктермен қамтамасыз ету, қайырымдылық шараларын жиі ұйымдастыруды басты назарға алатын боламын.
- Облыс орталығы – Қызылорда қаласының аумағы кеңейіп, тұрғындардың өмір сүру сапасы мен сұранысы артып келеді. Сол себептен аумақтағы әр құрылымды, қызмет көрсету жұмысын ескере отырып, қала көшелеріндегі автомобиль және жаяу жүргіншілер жолдарының жөндеуін және жол сапасын назарда ұстағым келеді.
- Копкабатты үйлер ауласындағы жолдардың сапасы сын көтермейді. Тұрғындар облыс орталығында тұрып, шалшық кешіп, батпақта жүр. Дамыған қоғамда бұл

түйткілдер албетте, көзге шыққан сүйейдей қоймай тұрады. Алдағы уақытта аумақтағы тұрғын үйлердегі аталған мәселені шешіп, жау жүргінші жолдан талапқа сай жасатып, көлік жүретін жолдардың да талапқа сай орындалуына атсалысымын.

Аумақтағы әлеуметтік нысандардың материалдық-техникалық базасын нығайту, кәсіпкерлік нысандарының бизнесін әлеуметтік жауапкершілігі ұғына жұмыс істеуі, еліміздің болашағы саналатын балалардың өздерін дамыту бағытында түрлі үйірмелердің ашылуына да ықпал етемін.

Өзім сенім білдірген сайлаушылармен тығыз байланыс орнатып, олардың ұсыныстары мен өтініштерін сессияда саралап, тиісті органдармен бірлесіп мәселелерді шешетін боламын.

Құрметті жерлестер!

Жана Қазақстанды, жана қоғамды құру – бір күндік жұмыс емес, ол ұлт ретінде, мемлекет ретінде кешенді жоспарды қамтыған ауқымды іс-шаралар тізбегін құрайды. Кез келген ұлт бір күнде жанарып, өзгеріп кетпейді. Азаматтардың белсенділігі таңытып, саяси науқанға қатысу ел болашағына деген сенімдік белгісі. Олар болашақтан үміт күтеді және сол өзгерістердің болуына мүдделі болғандықтан өздерінің азаматтық позициясын білдіреді.

Мен қандидат ретінде Қызылорда қаласы тұрғындарының өмір сүру сапасы мен мәдени, рухани, экономикалық әл-ауқатын арттыруда мақсат етіп, өзім туып-өскен қаланы гүлденуіне атсалысуды армандаймын. Сөзден іске, жоспардан мақсатқа көшу арқылы бірге жана болашақты құрай аламыз. Билік пен халық, депутаттар мен тұрғындар боп бір-бірімізге сенім артып, ашық диалог құрсақ қана баянды мақсаттарға бірге жетеміз. Өр қызылордалықтың сапалы, саналы өмірді таңдауға құқығы бар.

19 наурызда саяси таңдауға атсалысып, қала мен өңірміздің тағдырына есер ететін шешім қабылдаңыздар. Кандидат ретінде маған дауыс берсеңіз, үмітінздің үдесінен шығуға, ел мүддесі үшін айыбай еңбек етуге бар күшімізді саламын!

Қаржысы үміткердің сайлау қорынан төленді.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП БАР ЖЕРДЕ ТҰРАҚТЫЛЫҚ БОЛАДЫ



Мемлекет басшысы халқымыздың ұлттық бірегейлігі мен бірлігін нығайту маңызды міндет екенін айтты.

— Соңғы кезде бір аймаққа ғана белгілі адамдарға ескерткіш орнату сөнге айналды. Жергілікті ономастика комиссиялары бұған жол бермеуге тиіс. Орынсыз шешімдерге республикалық комиссия тосқауыл қоюы керек. Әркім өз бабасына ескерткіш қоя берсе, елде рушылдық, жершілдік белең алады. Осыған назар аударыңыздар. Кеңестік кезең қайраткерлеріне, соның ішінде жаппай қуғын-сүргінге тікелей қатысы бар адамдарға ескерткіш, бюст орнату ісі әлі жалғасып келеді. Өмірде болмаған ерлік істерге толы өмірбаяндар ойдан құрастырылып жатыр. Олар туралы деректер архив

Басы 1-бетте

құжаттарында нақтыланбаған немесе мүлде жоқ. Кейбір белсенді топтар азаматтармызды кеңестік кезеңдегі партия және мемлекет қайраткерлерінің аңызға бергісіз өмірбаяндарына сенуге мәжбүрлеп жүр, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Этносаралық қарым-қатынас мәселесі әрдайым өзекті болып қала береді.

— Этносаралық келісімді нығайту — еліміздің тұрақты дамуының негізі. Бұл маңызды міндетті жүзеге асыру үшін орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті билік, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясы мен жаппай азаматтық қоғам күші біріктірілуі қажет, — деді Президент.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы рухани құндылықтарымызды сақтау маңызды екеніне назар аударды.

— Халқымыздың дүниетанымына сай дәстүрлі

исламды дәріптеу аса маңызды. Оның ғылыми-теориялық негізін дамыту қажет. Өскелең ұрпақтың рухани тәрбиесін назардан тыс қалдыруға болмайды. Шын мәнінде, бұл — өте маңызды мәселе. Оны бетімен жіберсек, ұлттық салт-санамыздан айырылып қалуымыз мүмкін. Өкімдерге құзырлы органдармен бірлесіп, дін саласындағы жұмысты жандандыруды тапсырамын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент халықтың тұрмыс сапасын арттыру Үкімет пен облыс әкімдерінің ең басты міндеттерінің бірі екенін атап өтті. Мемлекет басшысы азаматтарымыз елімізде оң өзгеріс болып жатқанын сезінуі қажеттігіне тоқталды. Ол үшін игі бастамалардың мән-маңызын халыққа ұдайы айтып отырып жөн.

Біз тұрақсыздыққа апаратын әрекеттерге жол бермейміз. Мұндай заңсыз әрекеттердің алдын алу қажет. Елге ірікті салып, қоғамдық тәртіпті бұзуға шақырған адамдар қатаң жазаланады. Арандатуға қарсы күрес заң аясында, жедел әрі жүйелі түрде жүргізілуі керек. Тиісті заңдарымыз бар, оларды қатаң сақтауымыз керек. Өйтпесе әрекетсіздіктің салдары еліміз үшін өте қауіпті болуы мүмкін. Мен бірнеше рет айтқанымдай, бізге, ең алдымен, заң үстемдігі аса қажет. Заң сақталса және азаматтық жауапкершілік жоғары болса, қоғамда тәртіп болады. Тұрақтылық бар жерде ғана даму, өркендеу болады. Ел бірлігі — реформаларды табысты жүзеге асырудың басты кепілі. Сондықтан ырысты ынтымақпен білек сыбана жұмыс істеуіміз қажет. Мемлекетті жан-жақты жаңғыртуға қатысты жұмыс болашақта жалғасын табады. Осы орайда мен бірқатар тың бастамаларды ойластырып жатырмын. Оны сайлаудан кейін жария етемін, — деп Президент сөзін қорытындылады.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев әкімдер мен мемлекеттік органдар басшыларына азаматтармен өзара байланысты күшейтуді, кездесулер мен жеке қабылдаулар өткізуді тапсырды.

Кеңес барысында Премьер-Министрдің орынбасары Алтай Көлгінов, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев және Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтенов сөз сөйледі.

ДАУЫС БЕР!

НАР
ТӘУЕКЕЛІ!

КӘСІПКЕРЛІКТІ
КҮШЕЙТУГЕ
КҮШ САЛАМЫЗ!



НҰРТАЗАЕВ
ЕРЛАН

AMANAT

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

Ұлыстың ұлы күні — Наурыз мерекесіне орай қалада 100-ден аса іс-шара өтеді. Төл мереке бүгіннен басталады. Яғни 14 наурыз — Амал мерекесінде үлкендерден бата алу, төс қағыстыру сынды рәсімдер жасалады. Бұл күні медициналық, әлеуметтік қызмет көрсету мекемелерінде ем алып жатқан жандардың жағдайын сұрап, тақырып аясында түрлі шаралар өткізіледі. Сондай-ақ облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен орталық «Ақмешіт-Сырдария» мешітінде «Қайырымды ұлт» жалпыұлттық акциясы өтеді.

НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ КЕҢ КӨЛЕМДЕ ТОЙЛАНАДЫ

Наурыз мейрамы биыл кең көлемде аталып өтеді. Еңбектеген баладан, еңкейген қарияға дейін Ұлыстың Ұлы күнін тойлауға мүмкіндік алады. Балабақша, білім ошақтарында танымдық сабақтар өткізілсе, жастар орталығы, кітапханалар мен мәдениет ошақтары мерекелік кеш ұйымдастырады. Бұдан бөлек Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыка театрында Д.Исабековтің «Құстар фестивалі», Ф.Мүсіреповтің «Ақбай», Қ.Бегмановтың «Ер Төстік» балалар спектаклі көрерменге жол тартады.

Жаңару мен жаңғыру айы саналатын наурызда «Таза табиғат» акциясы ұйымдастырылады. Бұл барлық аудан мен ауылдарда жүргізіледі. Осыған орай облыс әкімінің тікелей қатысуымен көктемгі көшет отырғызу шарасы өтеді. Мереке аясында Сол жағалаудан 84 пәтерлі 7 қабатты тұрғын үйдің іргетасы қаланып, 40 пәтерлі көпқабатты тұрғын үйдің кілті табысталады.

Әз-Наурыз мерекесі қала көлемінде апта бойы тойланады. Әр күнге өзіне атау беріліп, соған сай іс-шаралар жоспары бекітілген. Мәселен, 15 наурыз — «Тарихтан тағылым» күні аталып, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтың 125 жылдығына арналған еске алу, ұлықтау және аймақтың 85 жылдығына арналған шаралар, білім сайыстары болады. Бұдан бөлек елді мекендерде ауыл халқының бірлігін арттыру мақсатында мал шалу, ас



беру, құран бағыштау сынды жиындар өткізіледі.

«Наурыз нақышы — тазалық» күні аясында көркейтү-қоғаландыру жұмыстары жүргізіледі. Бұл күн қаланы абаттандыруға бағытталып, барлық мекеме жұмыстары «Жасыл үй» челленджімен бір мезетте ағаш отырғызады. Осы орайда А.Тоқағамбетов мәдениет үйінің жанындағы алаңға көшет отырғызу жоспарланады.

Ұлттық ойындарды насихаттауға да бір күн белгіленген. «Ұлттық спорт — ұлт салауаты» аталатын бұл күнде ұлттық ойын түрлерінен жарыстар, велошеру, марафон өткізіледі. Өсіресе мектеп оқушылары арасында ұлттық құндылықтарымызды насихаттауға басымдық беріледі.

20 наурыз — жастар күні қарсаңында рухани, мәдени маңызы

зор дәстүрге сай думанды кеш ұйымдастырылады.

Басты шара 21 наурызда өтеді. Ол күні Ұлыс мерекесін тойлау үшін «Бірліктің бастауы, елдіктің дастаны — Наурыз» тақырыбында орталық алаңда мәдени көпшілік шара өтеді.

Шара барысы орталық алаң маңындағы арбатта театрландырылған қойылымнан бастау алады. Бұдан соң облыстың 85 жылдығына орай аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев пен қалаға белгілі тұлғалардың қатысуымен аз қамтылған, толық емес отбасында тәрбиеленіп жатқан 85 бүлдіршінің тұсауы кесіледі. Арбаттан орталық алаңға дейінгі аумақ этно-ауыл стилінде безендіріледі.

Наурыз мерекесінің айшығы ретінде алаңға 38 киіз үй тігіліп, әр үй түрлі тақырыпты қамтиды. Алаңға жиналған халықтың ұлттық тағам Наурыз көжеден дәм татуы үшін арнайы 5 шатыр тігіліп, жұртшылыққа қызмет көрсетеді. Дәстүрлі мерекеле ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуде барлығы толық қамтылады. Бұдан бөлек орталық алаңда ұлттық ойындардан, қымыз ішуден сайыс өткізіледі. Жетісаяларға бағалы сыйлықтар мен ақшалай жүлделер табысталады. Берекелі думанды кеш қаламыз нақышта тойланады. Ал 22 наурызда жалпыхалықтық серуен болады.

Айдана СЕЙІЛ



БҰЛ САЙЛАУ БҰРЫҢҒЫДАН ӨЗГЕРЕК

19 наурызда ҚР Парламент Мәжілісінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының сайлауы өтеді. Бір ай көлемінде депутаттыққа кандидаттардың сайлауды үгіт-насихат жұмыстары жүргізілуде. Саяси шараның аяқталуына 6 күн қалды.

Бүгінде аймақтан Мәжіліс пен облыстық, қалалық мәслихат депутаттығына 520 кандидат тіркелген. Оның 437-сі ер азамат, 83-і әйел кісі.

Бұл жолы сайлаушыларға 5 түрлі бюллетень беріледі. Шатасып кетпеуі үшін олар әр түрлі түспен белгіленген. Мәселен, көк түс — ҚР Парламенті Мәжілісінің партиялық тізімдер бойынша сайланатын кандидаттарға, жасыл түс — Парламент Мәжілісінің бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша, қызыл түс — облыстық мәслихаттың партиялық тізімдеріне, қызыл сары түс — бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын мәслихат кандидаттарына, сұр түс — қала, аудандық мәслихаттарының бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын депутаттарды сайлауға арналған. Бұл жолы бюллетеньде “Бәріне қарсымын” деген белгі бар.

Сайлау туралы барлық ақпаратты <https://saylau.orда.gov.kz> платформасы арқылы білуге болады. Сонымен бірге https://t.me/saylau_kzoBot телеграм бот, smart қузылорда мобильді қосымшасы жұмыс істейді. Бұдан бөлек 109 call орталығы арқылы да кез келген сұрағыңызға жауап ала аласыз.

Бала тәрбиесінде үйдегі ата-анадан бөлек, бобекжай балабақшаның да маңызы бары белгілі. Әр үйдің бір-бір еркесін бетінен қақпай өсіріп, тәрбиелік тағылым беретіні, тілазар сәбиден тәртіпті бала қалыптастыратыны рас. Балабақшадан алған өнеге баланың алдағы кезеңінің баспалдағы десек артық болмас.

Тасбөгет кентіндегі «Күлөнда» балабақшасында 3-5 жас аралығындағы балалар тәрбиеленеді. Олардың тәртіпке бас иіп, тәрбиелі, өнерлі, білімді болуына мұндағы әрбір маманның сіңірген еңбегі бар.

Мұнда әрбір баланың қабілетіне қарай түрлі үйірмелерге қатысып, шыңдалып шығуына бар мүмкіндік жасалған. Ал олардың икемі мен қабілетін бағамдай білу тәрбиешілерге жүктелген. Балабақшадағы әр бүлдіршіне өз баласындай қамқорлық танытып, өнерлерін шыңдап жүрген

БҮЛДІРШІН ТАЛАНТЫН ТАНЫҒАН

маман Эльмира Бекниязова мен Арайлым Ботабекованы айтуға болады.

Кейіпкерлеріміз бобекжай балабақшадағы «Күлөнда» би орталығының жетекшілері. Мұндағы әрбір шара, мерекелік кеш талапты мамандармен талантты бүлдіршілердің қатысуының өтпек емес. Сондықтан өнерлі балалардың қарым-қабілетін шыңдауда Эльмира мен Арайлымның үлесі зор.

— Бала — өмірдің қызығы деп бекер айтпаған ғой. Арайлым екеуіміздің балабақша саласында жүргенімізге 10 жылға жуық уақыт болды. Осы уақыт ішінде бүлдіршілердің жан дүниесін, көзқарасын тани алатындай тәжірибе алдық. Олармен өткізген әрбір уақыттан ләззат алуға болады. Оны осы саланың ыстық-суығына төзіп жүрген жандар жақсы біледі. Сол сияқты балабақшамамызда өнерлі балалар жетерлік. Көпшілігі кішкентай бала деп бұған аса мән бермеуі мүмкін. Дегенмен тереңіне үніле білсең небір талантты жастардың ең алғашқы қадамының балабақшадан басталғанын байқайсыз. Бүгінде балабақшамамызда «Күлөнда» би орталығы жұмыс істейді. Оған 4-5 жас аралығындағы балалар

іріктеп алынған. Түрлі бағыттағы биді үйретеміз. Өрне, оңай шаруа емес. Бірақ еңбегіміз жеміссіз деуге болмайды. Талай мәрте түрлі деңгейдегі байқауларда жеңімпаз атанып жүрміз, — дейді би тобының жетекшісі Эльмира Жеткергенқызы.

Қазіргі таңда мемлекетіміз балалар шығармашылығын дамытуға баса мән беріп келеді. Бұл ретте түрлі үйірмелер ашылып дарынды балаларды танытуға барынша мүмкіндік жасалады. Ал мектеп жасына дейінгі бүлдіршілердің талантын тану үшін түрлі байқаулар өткізу дәстүрге айналып келеді. Жұырда осы бағытта «Jas Daуу» жобасы аясында өткізілген халықаралық фестивалде «Күлөнда» би тобы жүлделі I орынды жеңіп алды. Ал оның жетекшілеріне «Үздік жетекші» номинациясы берілді.

Женіске жету жолында уақытпен санаспай жаны сала жұмыс істеген би жетекшілерінің еңбегі жанды. Себебі олардың еңбек жолындағы жеңісі де, жемісі де бүлдіршілердің бағындырған белесімен бағаланады.

А.СЕЙІЛ





«Табиғатты қорғауды, айналаны ластамауды әрдайым насихаттау керек. Тіпті экологиялық іс-шаралар жиі өтсе де артық болмайды. Елге насихаттай беру керек», – дейді кейіпкеріміз. Аймақта эколог мамандарды даярлауға үлес қосып қана қоймай, экологияны жақсартуда әрбір азаматтың міндеті санайтын Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, «Электр энергетикасы, техносфералық қауіпсіздік және экология» кафедрасының аға оқытушысы Нүргүл Сағындықызымен сұхбаттасудың сәті түсті.

Нүргүл СИХАНОВА, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, «Электр энергетикасы, техносфералық қауіпсіздік және экология» кафедрасының аға оқытушысы, Phd:

„ЖЕРДЕГІ ТАБИҒИ ҚҰБЫЛЫСТАР ЖЫЛДАМ ӨЗГЕРУДЕ“

– Экология қай кезде де өзекті болғанмен, экологияны жақсарту шараларына келгенде іс-шаралардан әрі аса алмай қалып жүргендейміз. Сіз қалай ойлайсыз?

– Бізге іс-шаралар өте керек. Себебі қазіргі таңда жер шарының әрбір азаматын экологиялық тұрғыда сауаттандыру қажет. Сол үшін де іс-шаралар қажет әрі маңызды. Әсіресе ақпараттық іс-шаралар көп болғаны дұрыс деп есептеймін. Мұнан бөлек экологияны жақсарту мақсатында нақты жұмыс атқарылуға. Бұған дәлел ретінде 2022 жылы өткен конференцияны атап айтқым келеді. Қызылорда облысы әкімдігі мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қолдауымен жоғары деңгейде «Арал теңізі маңындағы халықтың денсаулығы мен қоршаған орта» тақырыбында конференция өтіп, Германия, Жапония, Өзбекстан мемлекетінен ғалымдар катысып, баяндама жасады. Соның ішінде USAID өкілінің солтүстік Аралдың құрғаған табанына сексеуіл егу жұмыстары қалай жүріп жатқаны баяндалды. Демек, нақты жұмыстар бар.

– Экология дегенде ең алдымен қоқысты өңдеу жайы айтылады. Бұл бір қарапайым нәрсе секілді көрінгенмен, қоқыс мәселесі де елде шешімін тапты дегуе әлі ерте. Себебі неге?

– Қоқысты өңдеу көлемді қаражат пен озық тәжірибе қажет деп ойлаймын. Бұл мәселе елдің жұмылғаны жақсы. Шетелдік озық тәжірибені алып, жергілікті жерде жүзеге асырсақ деймін. Бір қунарлығы өңірде қоқысты бөлу жұмысы да жалға қойылып келе жатқаны көңіл қуантады. Мәселен, қаламыздағы орталық алаңға пластикалық ыдыс салуға арналған үлкен контейнер қойылған. Әсіресе жаз мезгілінде жастар қолындағы құтысын арнайы контейнерге салып жатқанын байқаймын. Демек, тұрғындар қоқысты әр жерге тастамауға, қоршаған ортаны сақтауға үйреніп келеді.

– Түркиядағы жер сілкінісі адамзатты бей-жай қалдырмады. Жалпы жер сілкінісін алдын ала болжауға бола ма? Жерасты кеніштерін шектен тыс пайдалану жер сілкінісін ежелді деген пікірлер де жоқ емес. Тағы бір мәселе, «ғылым дамымай тұрған заманда ата-бабаларымыз табиғат құбылыстарын алдын ала біліп отырған. Ал ғылым қарыштап дамыған уақытта неге қамсызбыз?» деген секілді сұрақтар көп көкейінде бар. Бұған не дейсіз?

– Түркиядағы жер сілкінісі қабырғамызды қайыстырды. Жер сілкінісінің алдын алуға бола ма деген мәселеге келетін болсақ, жер сілкінісінің өзін ғалымдар үш кезеңге бөледі. Қысқа мерзімді (1 апта көлемі), орта мерзімді (1 ай), ұзақ мерзімді (10 жыл) болжаулар. Сұрағыңызда атап көрсеткендей, жерасты кеніштерін шамадан тыс агрессивті түрде пайдаланудың да өз әсері бар. Бірақ Түркиядағы жер сілкінісінің тууына басқа факторлар әсер еткен. Бұл жерде тектоникалық плитаның «анатолыялық плитасы» батысқа қарай бір жылда 20 см-ге жылжып отыр. Ал «аравская плита» солтүстікке қарай жылжыған. Екі тектоникалық плитаның жылжығанынан қысым пайда болады, қысымның энергиясы жер сілкінісін тудырады. Бұл Түркияда бірінші рет емес, осыдан біршама жыл бұрында қаншама жер сілкіністері болып, ол кезде де 17 мың халық көз жұмып, 100 мыңдай тұрғын зардап шеккен. Бұл Түркиядағы тектоникалық плитаның орналасуына байланысты болып тұр. Әрине, көшпенді

халық ғылым дамымай тұрып ауа райын алдын ала болжап отырған. Бірақ қазіргі кезде біз антропогендік қысымды да ұмытпауымыз керек. Сондықтан жердегі табиғи құбылыстар өте жылдам өзгеріс үстінде. Сондықтан мұны болжау үшін көп еңбектену керек, мұнан бөлек соңғы технологиялар қажет. Болжағанда да дәлдікпен айту екіталай, оған көптеген жағдай әсер етеді.

– Бауырлас елдегі апат көпшіліктің қорқынышын туғызды. Бұл жағдай бізде де қайталануы мүмкін бе деген сұрақ айналасында фейк ақпараттар көбейді. Жалпы жер қабатының жайын алдын ала болжап білуге бола ма?

– Халық фейк ақпараттарға сенбеу керек. Ғалымдар пікіріне негізделген ақпараттар жариялануда. Халық ақпаратты дұрыс қабылдауға үйрену керек. Ең бастысы, сыни ойлауды дамыту қажет. Әсіресе жастар осыған мән беру керек. Ақпараттық тасқын ғасырында кез келгенді ақпараттың жетегінде кетпес үшін кез келген ақпаратты сүзгіден өткізетіндей, дұрыс-бұрысты ажырата алатындай дәрежеге жету керек. Бұл ата-ананың жауапкершілігі болу қажет. Сол үшін де халықтың медиа сауаттылығын арттыру керек. Жалпы фейк ақпаратты тарату ойнайтын дүние емес.

Әрине, елдегі жер қабатының жағдайын алдын ала болжауға болады. Мәселен, Алматы қаласының жер картасы, бас жоспары бар. Ғалымдар жалпы жер сілкінісін алдын ала қашан, қандай деңгейде болатынын болжай алады.

– Бір жылдары эколог мамандар көптеп даярланды. Алайда олар жұмыссыздар қатарын көбейтті. Сонда экологтарға сұраныс аз ба?

– Сұраныс аз деп айта алмаймын, керісінше білімді эколог мамандар әлі де тапшы. Заман талабына сай білімді, білікті мамандар жетіспейтіні байқалады. Мәселен, Қазмұнайгаз компаниясы «Теңіздің экожүйесін қалпына келтіру бойынша эколог қажет» деген хабарландыру ұзақ уақыт жариялады. Бір ғана хабарландырудың өзі бізде эколог мамандардың тапшы екенін байқатады. Мұнан бөлек, өңірлік мекемелерден эколог мамандарына сұраныс бар. Қазір студенттеріміз оқу бітірмей жатып жұмысқа орналасады.

– Ғалым ретінде сізді қандай мәселе ойландырады?

– Ойландыратын мәселе көп. Жер шарының болашағы және кейінгі ұрпаққа қандай мекен қалдырамыз, тұрғындардың жағдайы деген сияқты мәселелер қатты толғандырады. Қазіргі таңда құтыдағы бір литр таза судың бағасы 1 литр жанармайдан қымбат. Мұздықтардың еруі толғандырады. Алпауыт елдердің арасындағы қақтығыстар қоршаған ортаға кері әсерін тигізсе мекен деген сұрақ мазалайды. Жердің иммунитеті онысыз да әлсіреді.

– Өңірдегі ғылым мен білімнің қарашанырағы саналатын Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде ғалымдар экология жайын қаншалықты зерттеп жүр?

– Біздің кафедрामызда күріш қалдықтарын өңдеу арқылы алынған биотыңайтқыштарды топырақтың құнарлығын арттыру мақсатында ауыл шаруашылығы өнімдерін арттыру бағытында жұмыс істеуде. Мұнан бөлек ақылды ботаникалық бақ, микро жасылдарды өсіру, биоауантүрлікті сақтау, климаттың өзгеруі секілді бағыттарда жұмыс жүргіземіз.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Елдегі су ресурсының 40% астамын құрайтын Ертіс, Іле, Сырдария, Жайық, Тобыл, Есіл және Шу секілді елдің бас өзендері көрші Ресей, Қытай, Тәжікстан, Қырғызстаннан бастау алады. Оған Сырдарияның Тәжікстан, Өзбекстан аумағынан өтетінін қосыңыз. Бұл жалпы су бойынша сырт елдерге тәуелдіміз дегенді білдірмей ме?

Бір ғана Ертіс өзенін алайық. Қара Ертіс болып басталатын өзеннің 40%-ға жуық көлемі Шығыс Қазақстан, Абай және Павлодар облыстарының аумағынан өтеді. Демек солтүстік пен шығыстағы өндірістік аймақтардың дамуына Ертістің тікелей әсері бар. Бірі – ауызсу ретінде, екіншісі – аяқсу, үшіншісі – өндірістік су ретінде көдеге жаратып отыр. Яғни Ертістің суына елдің бес ірі орталығы байланып тұр.

Оңтүстіктегі жағдай да осыған ұқсас. Мәселен, Сырдария өзенінің жағдайын қысқаша шолайық. Ішкі нарықты Түркістан облысының Жетісай, Мактаарал, Шардара аудандары мақта, жеміс-жидек пен бақша дақылдың жартысына жуығымен қамтып, Қызылорда облысы күріштің 90% өндіріп отыр десек, мұның бәрі Сырдың ырысы екендігі анық.

Бастауын Қырғызстаннан алатын Сырдария өзені Тәжікстан, Өзбекстан аумағынан өтіп, шығыстан батысқа қарай екпіндей ағып, Аралдан енгінін басады. Бұрындары осындай еді. Иә, сырбаз Сырдың суы Аралдың толықандырылуына қуанышы болатын. Өкінішке қарай, қазір Арал теңізі мен Арал қаласының арасы құмды төбелерге айналып, «Үлкен Аралдан» бір-жолата айырылып қалды. Ендігі міндет – «Кіші Аралды» сақтап қалу.

Алайда Кіші Аралға және Арал маңындағы көлдерге судың түсуі қалдық принципі бойынша жүзеге асырылуына байланысты соңғы 12 жыл көлемінде теңіздегі су көлемі 27 млрд текше метрден 20 млрд текше метрге дейін азайған. Теңіз өз жағасынан 15-20 метрге шегініп кетті. Аралды қалыпты деңгейде сақтау үшін жыл сайын кем дегенде 3 млрд текше метр көлемінде су құйылуы қажеттігін ескерер болсақ, Солтүстік Аралдың жағдайы өлі аумаққа айналған Үлкен Арал теңізінің тағдырын қайталауы ықтимал. Экология және табиғи ресурстар министрлігі Көкқарал бөгетін жөндеу және Сырдария өзенінің Кіші Аралға құяр атырабын қалпына келтіру жобасын жетіле арада жүзеге асырмаса, жағдай күрделене түсуі мүмкін.

2021 жылы Арал теңізіне қажетті су көлемінің тек 15,6%, яғни 1,2 млрд текше метр судың 199 миллион текше метрі ғана түсті. Сол жылы Арал өңірінде қуаныштық салдарынан жайылымдық жерлер құрғап, мал шығыны орын алып, төтенше жағдай жариялануына судың деңгейі әсер еткені анық. 2022 жылы Сырдария өзенінен теңізге жоспарланған мөлшердің тек 16% түсті.

Біле білесек, Сыр өңірінің экономикалық және экологиялық жағдайы, халықтың тыныс-тіршілігі Сырдария өзенінің сулылығына және Арал теңізінің жағдайына тікелей байланысты. Жібек жіптей ұзыннан-ұзақ созылып жатқан өңір «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық жолы, Орынбор – Ташкент темір жолы және Сырдария өзенін бойлай орналасқан аудандарды біріктіреді. Үш магистральды арна Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі тірегі. Бұларсыз өндіріс пен ауылшаруашылығы саласын дамытып, сыртқа тасымалдап, табыс табу әсте мүмкін емес. Соның ішінде Сырдария өзенінің ықпалы тым жоғары екенін жақсы білеміз.

Бұл өңірдің тағы бір ерекшелігі, ішкі нарықты күршінен қамтамасыз етуде

XXI ғасырдың ең өзекті проблемасы – су. Расында, адамзат үшін ауадан кейінгі қажеттілік суда. Сусыз тіршілік тығырыққа тіреліп, жойылу қаупі төнеді. Ал су – шектеулі ресурс. Қазір әлем елдері арасында оның көзін иелену үшін күрес шиеленісіп, кейбір аймақтарда геосаясаттың аса маңызды факторына айналып келеді. Бүгінде су қорының проблемасы ең өткір болып отырған аймақ – Африка және Орталық Азия. Оның ішінде Қазақстанның жағдайы өте күрделі.

СУ ТАПШЫЛЫҒЫ: СЕБЕБІ МЕН САЛДАРЫ

республиканың суармалы суының 30% астамын тұтынып отыр. Ал күршінің басты ерекшелігі – 90 күннен 110 күнге дейін суда тұрып дән байлайды, піседі. Яғни суды көп қажет ететін дақыл. Су тапшылығын азайтуда күршінің көлемін азайту керек деген пікірлерді жиі естиміз. Әрине, суды үнемдеу маңызды. Алайда күршісіз Қызылорда облысының экологиялық ахуалы нашарлап, топырақ тұзданып, «жарамсыз оазиске» айналады. Өйткені Сыр топырағының қатты тұздануын күріш егу арқылы шаймаса, аса тұзды топырақта басқа дақылдардан өнім алу мүмкіндігі өте төмен. Топырақтың тұздануы үздіксіз жүруі салдарынан ауыспалы егіс жүйесі де айналымнан шығады. Бұл – мамандардың тұжырымы.

Күріш алқаптарының көлемін қазіргі деңгейден күрт азайтуға болмайтыны және

Мемлекет басшысының қолдауымен су тапшылығын төмендетуге нақты шаралар қабылданды. Президентіміз аталған күрделі мәселені саясиландыруға жол бермей, Сырдария өзенінің жоғары ағысында орналасқан мемлекеттермен нәтижелі келіссөз жүргізіп, тиісті көлемдегі судың бөлінуіне жағдай жасады. Ал трансшекаралық өзендер арқылы ел аумағына келген суды тиімді пайдалануды үйлестіру – Үкіметтің тікелей жауапкершілігі.

Дегенмен республика бойынша суару жүйелерін қалпына келтіру және қайта жаңғырту шараларымен қамтылған 319 мың гектар аумақтың тек 15 мың гектары, нақтырақ айтқанда 5% жетер-жетпес көлемі ғана судың ең көп шығынына батып отырған Қызылорда облысының үлесінде. Демек Экология және табиғи ресурстар, Ауыл шаруашылығы министрліктері Қызылорда облысының суармалы жерлерін қалпына келтіру және қайта жаңғырту бағытындағы жобаларын қаржыландыру көлемін арттыруға күш салуға тиіс.

Қысқы-көктемгі мерзімде артық суды жинап, жазда егіске пайдалану да Сыр өңірі дикандары үшін маңызды. Мамандардың пікіріне сүйенсек, ол үшін өңірде «Қараөзек» көлдер жүйесінде 775 млн текше метрлік, Шнелі ауданының аумағында 600 млн текше метрлік «Күміскеткен», Жаңақорған ауданының аумағында 200 млн текше метрлік «Тайпақкөл-Қандыарал» тасқын су жинағыштары салынған жағдайда суармалы жерлерді, көл жүйелерін, шабындық-жайылымдық жерлерді сумен қамтудың мүмкіндігі артады. Әрине, жобада судың көлемін мейлінше Аралға жіберу тетігі де қаралғаны жөн.

Түркістан облысының Мактаарал, Жетісай, Шардара және Қызылорда облысының барлық ауданында тұратын халықтың әлеуметтік әлеуетін арттырып, елдіктің жолында еңбек сіңіруінде Сырдың суы жетекші рөлге ие екенін айтуға тырыстық. Мұны шешуде сала мамандары Сырдарияның жоғары ағысында орналасқан көршілермен су бөлісу бойынша келіссөздер жүргізгенде Арал теңізінің жағдайын назардан тыс қалдырмай, халықаралық шарттарға сүйеніп, өзеннің суын тең пайдалануда табандылық танытуы керек.

Екіншіден, Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айтқандай, судың шығынын азайтуда су шаруашылығы саласын толықтай цифрландыруға көшіру міндеті тұр. Сосын каналдар мен су қашырталарын назардан тыс қалдырмай, үнемі тазалап, қажетті жағдайларда, каналдардың табанын бетондауды қолға алу маңызды.

Үшіншіден, тұтынушылар санасына суды үнемдеп қолдану мәдениетін сіңіруіміз керек. Мәселен, Африкадағы Мали елінің тұрғындары тәулігіне тек 2-3 литр суды қолданады. Бұл – жуынып-шайынып, ауыз су ретінде пайдаланатын мөлшері. Судың сапасы бір бөлек әңгіме. Ал біздің елдің тұрғындары тәулігіне 150-200 литрге дейін су шығындайды.

Қысқасы, келешекте кемелді елге айналуымыз бір ғана жолы бар. Ол су ресурстарымен өлшенеді. Біріккен Ұлттар Ұйымы 2015 жылы 200 мемлекеттің 2030 жылға дейінгі тұрақты дамуы бағдарламасын қабылдап, онда сумен тұрақты қамтамасыз ету – басты көрсеткіш деп таразылады. Еліміздің жалпы ішкі өніміне жұмсалатын су шығыны мөлшерін төмендету де кезек күттірмес мәселе. Яғни таяу болашақта елдің дамуында су ресурстарының қолжетімділігі – бірінші орынға шығады.

Руслан РҮСТЕМОВ,
Парламент Сенатының депутаты
«Егемен Қазақстан» газеті



БЕЙБАРЫС СҰЛТАН КӨШЕСІ КЕҢЕЙТІЛЕДІ

Көктемде құрылыс қыза түсті. Жан-жақта қызу тіршілік. Соның ішінде жол жөндеу жұмысы қарқынды. Қала орталығындағы жалпы ұзындығы 4,2 шақырым болатын Бейбарыс сұлтан көшесін қайта жаңғырту жұмысы қолға алынды. Ақпан айында басталған жолдың құрылысы осы жылдың тамыз айында аяқталады деп жоспарлануда.

Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Пакуатдин Шамұратовтың мәліметіне сүйенсек, қазіргі күні Бейбарыс сұлтан көшесінде реконструкциялау жұмысы жүріп жатыр. Жалпы осы жолды кеңейту мақсатында жобалық-сметалық құжаттарды әзірлеп, республикалық бюджетке ұсынылған еді. Бюджеттен тиісті қаражаттар бөлінуде. Бұл жолдың мердігері «УАД» ЖШС.



техникалық қадағалаушы мекеме «Алатау сапа құрылыс» ЖШС, авторлық қадағалаушы мекеме КБ «МунайГазИнжиниринг» ЖШС.

Жалпы Бейбарыс сұлтан көшесінің құрылысы 12 ай деп белгіленген болатын. Дегенмен, мердігер мекемелермен бірлесіп, осы жылдың қыркүйек айына дейін заманауи жолды ел игілігіне табыстауға деп жоспарлап отырмыз, – деді басқарма басшысы Пакуатдин Шамұратов.

Бейбарыс сұлтан көшесінде заманауи жарық шамдар мен аялдамалар және жаяу жүргінші жолдар салынады. Сондай-ақ бұл көше 4 жолақты болып кеңейтіледі. Осының нәтижесінде қала орталығында кептелістер азайып, автомобиль жолы кеңеймек.

Қазіргі күні Назарбаев даңғылынан бастап, Құмкөл трассасына дейін реконструкциялау жұмысы жүргізілуде. Бұл жобаның құны 2 млрд 349 млн теңгені құрайды. Негізгі жолдың сапалы әрі ыңғайлы болуы үшін тиісті мекемелермен күнделікті қадағалау жүргізілуде. Құз мезгіліне дейін халық игілігіне табысталады болады, – деді қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, автомобиль жолдары және

жолаушылар көлігі бөлімі басшысының орынбасары Дархан Бактияров.

Сондай-ақ Бейбарыс сұлтан көшесінің облыстық мешіттің арғы бет жағы да кеңейтіледі. Ол жағы 6 жолақты болады. Сонымен қатар облыстық әкімшілік ғимаратының алдына құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Ол жердегі қоршаулардың барлығы алынып, алдына екі субұрқақ, сквер, автоұтрақтар салынады деп жоспарлануда. Сонымен қатар тұрғындар тарапынан сұрақтар да туындаған еді. Тұрғындар құрылыс жұмыстары аяқсуға кері әсерін тигізбей ме деп алаңдауда. Дархан Бактияровтың айтуынша, бұл жол құрылысының аяқсуға келетін жүйеге ешқандай әсер етпейді. Қазіргі күні тиісті сала мамандары өз ісіне кірісті.

Бәйтеректе асфальтты көшелер көбейді

Бәйтерек тұрғын ауданында да қызу жұмыс қолға алынды. Ол жақта ұзындығы 11,8 шақырымды құрайтын 7 көшеге асфальт төсеу жұмыстары жүргізіледі. Жол жөндеу жұмыстарын жеңімпаз атанған мердігер мекеме «Қызылорда жолдары» ЖШС атқаруда.

Бұдан бөлек тұрғын ауданда мердігер мекеме «Стандарт Ойл КЗО» ЖШС-мен Бәйтерек тұрғын ауданын қаламен байланыстыратын Қызылжарма каналы арқылы өтетін жаңа автокөлік жолы көпірінің құрылыс жұмыстары жүргізілуде.



Биыл қанша көше жөнделеді?

Биыл Қызылорда қаласында жол-көлік инфрақұрылымын дамыту бағытында 230-дан астам көшеге жол жөндеу жұмысын жүргізу қарастырылған. Осы мақсатта бюджеттің барлық түрлері мен мемлекеттік бағдарламалар арқылы жалпы соммасы 10 млрд 246 млн теңге бөлінді. Бүгінде жол жөндеу жұмысы «Саяхат», «Бәйтерек» тұрғын аудандарында басталды.

Айта кету керек, «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Қызылжарма, Ақсуат, Қарауылтөбе, Қосшыңырау, Талсуат, Қызылөзек ауылдық округтерінен барлығы 46 көшеге, Ұлттық қордан бөлінген қаржыға Қарауылтөбе ауылдық округіне қарасты кіре беріс жолдың бойында орналасқан жаңа қоныс аумағына, Қызылорда қаласы мен Жезқазған тас жолының бойындағы 150 гектар жерге, Қызылорда қаласының Сарысу көшесі бойындағы Шорғазы тұйығына және кенттер мен ауылдық округтердің 26 көшесіне қиыршық тас төсеу жүргізіледі.

Бұдан бөлек қала мен оған қарасты кент және ауылдық округтердегі 106 көшеге облыстық бюджеттен орташа жол жөндеуге 1 752,6 млн теңге қаралып, қала бойынша 76 көшеге, Бөлкөл кенті бойынша 6 көшеге, Тасбөгет кенті бойынша 14 көшеге және «Сабаалақ» саяжайына қарасты 10 көшеге асфальт төселінбек.

Жаяу жүргіншілер жолы салынады

Осы жылы қаламыздың жол-инфрақұрылымын дамытуда іргелі істер өз жалғасын таппақ. Бұл бағыттағы жұмыстардың бірі, 19 көшеге жаяу жүргіншілер жолын салуға облыстық бюджеттен 690 млн теңге бөлінді.

Қазіргі таңда «Қызылорда жолдары» мердігер мекемесі қаладағы Скаткова, Уәлиханов, Әбілқайырхан, Бөкейхан, Көшербаев көшелері мен Титов қыстағындағы Жанкент көшесінде жаяу жүргіншілер жолдары құрылыс жұмыстарын бастады.

Қалада тазалық жұмысымен бірге көркейту-көгалдандыру, абаттандыру жұмысы басталып кетті. Бұл бойынша тиісті шаралар жылда атқарылып келеді. Биыл да жалғасын табады.

Қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің мәліметіне сүйенсек, өткен жылы қаланы көркейту-көгалдандыру мақсатында жергілікті бюджеттен 427 млн теңге қаржы бөлініп, оның ішінде 51 сквер-аллея орналасқан аумақтарда көлемі 54 мың шаршы метр гүлдер мен газондар, қала аумағының орталығындағы ұзындығы 54,6 шақырым арық жүйелерін, жасыл ескелерді суаруға арналған насостарды, талдарды балақтау, ақтау, талдарды химиялық өңдеу, символдарды және ұңғымаларды күтіп ұстау жұмыстары қарастырылған. Бұл толығымен атқарылды.

КӨКТЕМГІ ТІРШІЛІКТІҢ БІРІ – ТАЗАЛЫҚ



Сонымен қатар былтыр Қызылорда қаласын аяқсумен қамтамасыз ету мақсатында «Жібек жолы» және «Қызылжарма» каналдарын күтіп ұстау, пайдалану, сондай-ақ, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жұмыстарына 25,7 млн теңге бөлінді. Ұзындығы 13,8 шақырым болатын «Қызылжарма» каналы арқылы КБИ, Коммунизм, Шанхай, Тагарин шағын аудандарындағы арық жүйелерімен 40 мыңға жуық халқы мен Қызылжарма ауылдық округіндегі 8 мыңға жуық тұрғын аяқсумен қамтамасыз.

Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы және экологиялық ахуалы Сырдария өзені бассейнінің кепілді сумен қамтамасыз етілуіне тікелей тәуелді. Осыған орай бүгінде күрделі болып отырған аяқсу мәселесі бойынша Қызылорда қаласында су тапшылығының алдын алу мақсатында барлығы 31 техникалық ұңғыманы орнату бойынша республикалық бюджетке өтінім жолданып, Үкімет резервінен қолдау тауып, қалаға 11 және қалаға қарасты кент, ауылдық округтерге 20 техникалық ұңғыманы орнатылды.

Қаланы көркейту-көгалдандыру мақсатында жергілікті бюджеттен 484,7 млн теңге бөлініп, қазіргі таңда барлық конкурстарға мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізілуде. Бұдан бөлек, аяқсумен қамтамасыз етуге 14 техникалық ұңғыманы орнату бойынша мемлекеттік сатып алу конкурстары жүргізілуде және нәтижесі анықталғаннан кейін тиісті жұмыстар атқарылақ.

Абаттандырудың жайы бөлек

Мамандардың айтуынша, абаттандыру жұмыстарына келетін болсақ, жалпы 2022 жылы 564,0 млн теңге бөлінді. Атап айтқанда, меркелік іс-шараларды ұйымдастыру, машина және механизм қызметі, брусчатқаны ағымдағы жөндеу, қоршауларды жуу мен сырлау, ескерткіштерді, су бұрқақтарын, аялдамаларды, аллея мен скверлерді, қала паспорттарын, контейнер алаңдарын, билбордтарды, ҚР Тұңғыш Президенті саябағын, қаладағы балалар ойын алаңдарын күтіп ұстау және ағымдағы жөндеу жұмысы жатады. Осы аталған жұмыстар толығымен орындалды.

«Қызылорда қаласындағы Қазыбек би көшесінен Қазантаев көшесіне дейін Әйтеке би көшесін абаттандыру» жобасы бойынша өткен жылы сараптаманың оң қорытындысы алынып, абаттандыру жұмысы атқарылды. Бұл бойынша 1502 м² кеспе тастар, 480 м жиек тас, 19 заманауи жарық бағанасы, 2 заманауи пішіндер, 1 арқа, 33 орындық қызыл жәшігімен бірге және 1 «Глобус» тәрізді субұрқағы орнатылды.

Сонымен қатар облыстық бюджет қаражаты есебінен 2020 жылы бастау алған Ы.Жақасев, Әйтеке би, Бұқарбай батыр көшелері, орталық стадион аумағын абаттандыру жұмыстары және қаладағы 5 көше жарық бағанасын орнату жұмыстары жүргізіліп, облыстық бюджеттен осы жұмыстарды толығымен аяқтауға қосымша 237,0 млн теңге қаржы бөлінді. Аталған жобалардың ішінен қазіргі таңда Әйтеке би көшесі және қаладағы 5 көшені жарықтандыру толығымен аяқталды.

«Қызылорда қаласы, С.Бейбарыс көшесін Н.Назарбаев даңғылынан Тәуелсіздік даңғылына дейін абаттандыру» жобасы бойынша сараптаманың оң қорытындысы алынып, жалпы

сметалық жоба құны 1 741,7 млн теңгені құрайды. Осы жұмыстарды бастауға облыстық бюджеттен 300 млн теңге қаражат бөлінді.

«Қызылорда тазалығындағы» тіршілік

«Қызылорда тазалығы» мекемесін бәрі біледі. Бүгінде бұл мекеме 5 бағыт бойынша өз жұмысын атқаруда. Атап айтқанда, санитарлық тазалық, тұрмыстық-қатты қалдықтарды шығару, көпқабатты тұрғын үйлерге қызмет көрсету, тұрғын үйлерді қайта жаңғырту және полигон қызметтері кіреді.

Аталған қызметтердің ішінде санитарлық тазалық жұмыстарына қаралған қаржы кәсіпорының түсетін негізгі кіріс көзі. Осы ретте 2021 жылы санитарлық жұмыстарына 666 млн теңге, 2022 жылы 699 млн теңге, 2023 жылы 836 млн теңге қаражат бөлініп отыр. Қала көшелерінің санитарлық тазалығын қамтамасыз ету жұмыстарына қаралған қаржы қаланың 240 көшесін тазартуға бөлінген болса, іс жүзінде 350-ден астам көшеге жүргізілуде. Жаз айларында көше арам шөптерден тазартылып, борлорлер, көше бойындағы талдар толығымен ақталып, қала көшелеріне екі мезгіл су себіліп, қысқы қалдықтарын тазартылууда.

Осы бағытта қалалық полигонға 2018-2020 жылдары күнделікті 340 м³ қысқы шығарылса, қазіргі күні күнделікті қалалық полигонға 780 м³ қысқы шығарылууда. Қала көлемінің ұлғаюынан шығарылатын қысқы көлемі де 160%-ға өсіп отыр.

Қаладағы көшелердің санитарлық тазалығын қамтамасыз ету үшін және қала тұрғындарымен қоқыстарды бей-берекет белгіленбеген орындарға тастауын антигигиеналық жағдайдың алдын алу, үйілген қоқыс алаңдары пайда болуына жол бермеу мақсатында кәсіпорын тарапынан осы жұмыстарға арнайы мобильдік топ құрылып, рейдтік іс шаралар жоспары ұйымдастырылып, жоспарға сай жұмыстар жүргізілуде.

Өткен жылдың соңында жүргізілген рейдтік іс-шаралар нәтижесінде жеке сектор мен көпқабатты үйлердің тұрғындарына 2396 ескертпе парақшасы таратылып, 850 үй иесіне түсіндірме жұмысы жүргізілді. Рейдтік іс-шара барысында санитарлық талаптарды бұзған 38 азаматқа «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 505 бабы бойынша ескерту беріліп, 434-2 1 тармағы бойынша 86 азаматқа жергілікті полицияның уәкелік инспекторларымен айыппұл салынды. Шағын және орта кәсіптік нысанның иелеріне 18 ескерту жасалып, 58 кәсіптік нысанның иесіне түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Қала орталығы және қаланың шет аймақ көше қиылыстарына қысқы тастау жөнінде 91 ескерту тақтайшасы орнатылды. Көпқабатты тұрғын үй арасында орналасқан қысқы алаңына құрылыс қалдықтарын тастау жөнінде 40 ескерту тақтайшасы ілінді. Көптеген тұрғын үйлерге тозығы жеткен 341 қысқы жәшігі жаңартылды.

Қазіргі уақытта қала және шет аймақтары бойынша тазалықты бақылау мақсатында жылжымалы 3 бейне бақылау құрылғысы жұмыс істеуде. Бейне бақылау арқылы анықталған 27 заңсыз белгіленбеген орындарға қысқы тастау фактілері бойынша шара қолдану үшін жергілікті полиция басқармасына жолданды. Оның 14 фактісі бойынша әкімшілік хаттама толтырылып, соның ішінде 6-ына ескерту шаралары берілсе, 8 факті бойынша 14585 теңгеден әкімшілік айыппұл салынған.

КӨПШІЛІК КҮТКЕН КӨПІР САЛЫНУДА

Соңғы жылдары тұрғындар арасында жиі көтеріліп жүрген мәселелердің бірі – көпірлер құрылысы. Өткен аптада Бөлкөл кентінде теміржол үстінен өтетін жаяу жүргіншілер жолы көпірінің құрылыс жұмысы аяқталып, пайдалануға берілді. Биыл да бұл бағытта ауқымды жобалар жүзеге аспақ.

Атап айтқанда, Ғ.Мұратбаев және Яссауи көшелерінің қиылысындағы теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірі құрылысына Ұлттық қор және облыстық бюджеттен 320,6 млн теңге, Жанқожа батыр көшесі арқылы өтетін теміржол өткелін салуға жоба-сметалық құжаттамасын сараптама қорытындысымен әзірлеуге облыстық бюджеттен 51,2 млн теңге бөлінді.

Тағы бір жаңа көпір Қызылжарма су арнасы арқылы Бәйтерек шағын ауданына өтетін жерде салынууда. Дәл осы кезде көпірдің жері дайындалып, жұмыс қарқынды жүруде. Жалпы құны 384,3 млн теңгені құрайтын жобаны «Стандарт Ойл КЗО» ЖШС жүзеге асыруда. Мұнда екі жолақты жол салынақ. Мамандардың айтуынша, құрылыс жұмысы биыл тамыз айында аяқталады деп жоспарлануда.



Құрылыстың қолға алынғанына тұрғындар да дән риза. Көшербай Мемлібаев, «Бәйтерек» шағын ауданының тұрғыны:

– Біз осы ауданға көшіп келгенімізге бір-екі жылдың көлемі болды. Жалпы инфрақұрылымы бар, ғимараттары, үйлері жаңадан бой көтерген аудан ғой. Жолы жақсы жөнделіп қалды. Енді көпір құрылысын көріп қуанып жүрміз, – деді ол.



Бетті дайындаған Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ

Суреттерді түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі номер – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі номер – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі номер – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі номер – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4, Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ-4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция өзқарарымен сәйкес келе бермейтіні, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «А3» басыпа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарлауға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 2922 Тапсырыс №372

Нөмірдің кезекші редакторы Айгана СЕЙІП